

«Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген статистикалық ақпаратты беру» мемлекеттік қызметі



1. Көрсетілетін қызметті беруші:

- «ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК және оның филиалдары



2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (ХҚКО);
- көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады



4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- Мемлекеттік корпорацияға немесе көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берілген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн



3. Жұмыс кестесі:

- Мемлекеттік корпорация – мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда түскі үзіліссіз, сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін;
- көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін



5. Құжаттар тізбесі:

- 1-кезең:
- ✓ жеке және заңды тұлғалар үшін – өтініш
- 2-кезең:
- ✓ жеке тұлғалар үшін: төлем туралы түбіртек;
- ✓ заңды тұлғалар үшін: төлемнің жүргізілгендігі туралы банк белгісі бар төлем тапсырмасы



7. Шағымдарды қарастыру мерзімі:

- көрсетілетін қызметті берушіде және ХҚКО-да тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралады;
- ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралады



6. Ақылы/тегін:

- Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша прејскурант:
- ✓ Министрліктің (www.economy.gov.kz);
- ✓ Министрліктің Статистика комитетінің (www.stat.gov.kz);
- ✓ көрсетілетін қызметті берушінің (www.statdata.kz) интернет-ресурстарында орналастырылған.